



Жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылысы қарқын алған бірқатар нысанды аралап, «Қызылорда» су торабындағы жөндеу жұмыстарымен танысты. 2020 жылдан бері апатты жағдайдағы су торабы жөндеуде. Мердігер мекеме «Casripan Contractors Trust» ЖШС жөндеу жұмыстарын биылғы желтоқсан айында аяқтайды деп жоспарланған. Бөгетте 16 метрлік бес аралық бар, олар қақпалармен және апаттық-жөндеу шандорларымен жабылған.

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Дәл қазір елдегі ең өзекті мәселенің бірі – қымбатшылық. Айлығы шайлығына жетпейтін халық азық-түліктің өзін банк арқылы алуды әдетке айналдырып барады. Мұны тоқтатпаса, енді бір 10-15 жылдан кейін мемлекеттің барлық тұрғыны банкке берешек бола ма деген күдігіміз бар. Үкімет шамасы келгенше бағаны тұрақтандыруға күш салып жатыр. Әсіресе азық-түлік бағасын реттеуге ерекше назар аударған. Тіпті Мемлекет басшысы арнайы пәрмен беріп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыруды тапсырды.

БАҒА БҰҒАУҒА КӨНБЕЙ ТҰР

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

Биылғы 23 сәуірде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалиді қабылдаған еді. Мемлекет басшысы министрге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және ауыл шаруашылығын дамыту, қосымша құны жоғары қазақстандық тауарларды экспортқа белсенді түрде шығару жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Президент пәрменінен соң шұғыл шаралар қолға алына бастады. Тіпті азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін субсидияға жаңа норма енгізіледі деп жоспарлануда. Анығын айтқанда, Президент премьер-министрдің орынбасарын қабылдаған күннің ертеңіне ауыл шаруашылығы министрі ішкі нарықтағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін жүргізілетін бірқатар шара туралы айтты.

Осы жылдың 24 сәуірінде egemen.kz-ке жарияланған ақпаратқа сүйенсек, ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев «Айналым схемасын» іске асыру процесіне Азық-түлік корпорациясын сенімгер агент ретінде тарту мәселесі псықытылып жатқанын мәлім еткен.

«Бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деген еді сол кезде ведомство басшысы.



Қосымша ішкі азық-түлік нарығындағы ахуалды тұрақтандыру мақсатында субсидиялау тетігіне жаңа норма енгізіледі, оған сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап пилоттық режимде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарларын немесе оларды өндіру үшін шикізат өндірумен айналысатын субсидия алушылар нарықтық бағалар бойынша ішкі нарықта өнімді өткізу бойынша қарсы міндеттемелерді өзіне алуға тиіс.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ: ҚАЙНАҒАН ТІРЛІК, НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС



Мұнан әрі аймақ басшысы Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі «Неке сарайының» құрылысымен танысты. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрден асатын зәулім ғимараттың құрылысы бытыр қыркүйек айында басталған.

2 БЕТТЕ

КӘСІП ЕЛ ДӘУЛЕТІН ЕСЕЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда кәсіпкерлердің орны туралы «Экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни бұл өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды» деген еді.

3 БЕТТЕ



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Ұрпаққа — мұрағат, шаңыраққа — ұлағат

«Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылмаған. Ортақ шаңырағымыз отанымыз болса, әр отбасы шаңырақты мығым ұстап тұратын мызғымас уықтары секілді. Отбасының беріктігін сақтап, ортақ отауда перзент тәрбиелеп, ұлдарын ұлықты, қыздарын қылықты, осылайша ұрпағын ғұрыпты етіп, ақ босағаның отын маздатып, ұлтымыздың салт-дәстүрін мұра қылып, алтын ұяның мерейін асқататып отырған отбасылар қашанда ел мақтаны, ұлттық рухтың

жанашыры, қазақ елінің асқақ абыройы екені даусыз. Қазіргідей алмағайып заманда ұлтқа үлгі болар, дұрыс жол көрсетер бірлігі бекем, тірлігі тиянақты, өзінен өрбіген ұрпақтарын мәуелі бәйтеректей мәпелеп, қанатының астына алып, болашағын баянды етер үлгілі отбасыларын әркез насихаттап, бағалау егемен еліміздің өшпес қағидасы болып келеді.

Қазақта «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген тәмсіл бар.

Отбасын құрған жастарға «Мерейлі отбасы» байқауының берер өнегесі, айтар тәлімі ерекше. Дәстүрге айналған осы байқаудың нәтижесімен «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болғандар елдің риясыз алғысына бөленді. Осы сайыста «Үстаздар жолы» аталымымен Тасбөгет кентіндегі Баймановтар отбасы марапатталды. Өмір тарихына зер салсақ, бұл отбасы ұстаздықты атадан балаға мирас етіп жалғастырып келеді.

4 БЕТТЕ

«Ауыл аманаты»: бағдарлама қалай жүзеге асады?

Тамыздың 14 күні Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Ауыл аманаты» жобасы аясында брифинг өтті. Брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Исабергенова мен «Байқоңыр» ӘКК басқарма төрағасының орынбасары Мадали Әлішерұлы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобаны іске асыру жұмыстарын айтты.

Биыл ауыл тұрғындарының шағын және орта кәсіптерін дамыту үшін 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беру қарастырылған. Бұған облыс бойынша 3 млрд теңге бөлінген. Бұл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жүзеге аспақ. Аталған бағдарлама бойынша 600 жобаға несие беру жоспарланып, жаңа 636 жұмыс орын ашу көзделген. Жобаны іске асыру бойынша құжаттар осы жылдың 20 шілдесінен басталған. Оның сенімді өкілі – «Байқоңыр» ӘКК акционерлік қоғамы.

Сондай-ақ «Ауыл аманаты» жобасы аясында халықтың табысын арттыру, ауылдық елді мекенде «алқантап сөреге дейін» кооперациялау және пилоттық жобасын жандандыру мақсатында шалғайдағы ауылдық округтерге микрокредиттер беру және кооперативтерді ынталандыру бағыты қарастырылған.

Аталған жоба 5 бағыт бойынша қаржыландырылады. Оның ішінде өңдеу, егін шаруашылығы, кооперативтерді дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге берілетін микрокредиттер 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы бойынша 7 жылға дейін несие беріледі. Ауыл тұрғындарының жағдайына қарай бағдарламаға құжат қабылдау шарттары жеңілдетілді. Қазіргі таңда 1 млрд 637 млн теңгені құрайтын 240 жобаның құжаты қабылданып, несие комитетіне ұсынылды. Іске асатын жобалар келіге ұсынылатын мүліктерді тәуелсіз бағалау ұйымдарынан өткеннен кейін несиелендіру бойынша төлемдер жүргізілді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Исабергенова.

Аталған 240 жоба бойынша ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін 13 жобаға 225,4 млн теңге, 38 жобаға - ауыл шаруашылығы тауарын өңдеу және қайта өңдеуге 262,6 млн теңге, өсімдік шаруашылығы бағыты бойынша 9 жобаға 56,7 млн теңге және ауыл шаруашылығын өңдеу мен өсіру, оның ішінде мал шаруашылығына 141 жобаға 831,5 млн теңге қарастырылған. Ал басқа да бизнес жобаларға 260,8 млн теңге қаржы жоспарланғанын жеткізді.

Бүгінде сенім білдірген өкіл «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-на жергілікті бюджеттен 74,4 млн теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ корпорация жанынан «Ауыл аманаты» жобасымен айналысатын арнайы департамент ашылған. Онда материалдық-техникалық базасымен 20 штаттық бірлік қамтамасыз етілген. 15 тамыз күні бірінші несиелендіру конкурсы өтеді.

Комиссия отырысында 120-дан астам жоба ұсынылып, қаржыландырудың оң шешімі қабылданғаннан кейін тексеріледі. Сондай-ақ тәуелсіз бағалау туралы есептері сұратылып, мүліктері келіге тіркелген соң, қаржыландыру жұмыстары жасалады. Айта кететін жайт, «Ауыл аманаты» бағдарламасы басталғалы алаяқтыққа жол берген бірқатар азамат кездесті. Осы орайда бағдарламаға қатысушылардың тек ресми ақпаратқа жүгінуін және кенес алу үшін call center 8 771 451 28 28 нөміріне хабарласуын сұраймыз, – деді «Байқоңыр» ӘКК басқармасы төрағасының орынбасары Мадали Әлішерұлы.

Жалпы қаржыландыру бағыты бойынша ауылдық елді мекендердегі тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Облыс әкімі жақын күндері ашылған тұрғын үй құрылысы комбинатының жұмысымен де танысты. Комбинат еден, жол плитасы, іргетас блоктары, маңдайша, таспалы іргетас, баспалдақ сияқты өнімдер шығарады. Жаңа зауыт сағатына 80 текше метр тауарлы бетон және күніне 120 текше метр темір-бетон

бұйымдарын өндіруге қауқарлы. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Әрі қарай аймақ басшысы «Анаға тағзым» орталығының құрылысын көрді. Нысан жақын арада халық игілігіне табысталмақ. Ғимарат белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,5 млрд

теңгеге салынууда. Бұл орталықта қыз-келіншектерге, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтар дәріптеліп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер жаңғыртылады. Келушілерге сән мен сымбат, үй тұрмысы, қонақ күтуді үйрететін, жан-жақты психологиялық көмек беретін кабинеттер болады. Мұнан бөлек,



ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ: ҚАЙНАҒАН ТІРЛІК, НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС



ғимаратта шығармашыл жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы, жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері орналасады.

Аймақ басшысы Абай даңғылы №47 «а,б,в», 51, 51 «а» тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстарын да көрді. Маусым айынан бері демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығындағы 50 үйдің қасбеттері заманауи панелдермен қаптауда. Оған қоса демеушілер 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулаларын абаттандыруда. Заманауи спорт алаңдары, тротуарлар, жарық бағаналары жаңартылуда.

Облыс әкімі жылына 33 мың тоннадан астам өнім өндуге қауқарлы «Мағжан және К» ЖШС-ның күріш зауытында болды. Кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және бірінші автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылады. Н. Нәлібаев ішкі нарыққа және ішінара экспортқа жіберілетін йодталған техникалық және ас тұзын өндіретін «Ассоль» зауытында да болды. 2021 жылы компания өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының жеңімпазы болған.

Басы 1-бетте

Т.ҚЫМБАТ

БАҒА БҰҒАУҒА КӨНБЕЙ ТҰР

Ербол Қарашөкеев сақтау инфрақұрылымын құру және көкөніс қоймаларының тапшылығын азайту мақсатында 2025 жылға дейінгі көкөніс қоймаларын салу мен жаңғыртудың кешенді жоспарын іске асыру жалғасатынын айтты. Бұл жоспарда жалпы сыйымдылығы 342,6 мың тонна жеміс-көкөніс өнімдерін сақтайтын 97 жобаны іске асыру көзделген. Бұл бағытта бизнесті ынталандыру мақсатында қолданылатын сақтау технологиясына байланысты осындай объектілерді салу кезінде шығындарды өтеу нормативін 25%-дан 40-50%-ға дейін жеткізу үшін инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасынан соң азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында бірқатар шаралар атқарылып келеді. Мамырдың

атқарса да баға бұғауға көнбей тұр. Журналист Гүлбаршын Айтжанбайқызының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Азық-түлік бағасы дес бермей тұр» атты мақаласында кейінгі төрт жылда сәбіз, қызылша және үн 3 еседен аса, ет орташа есеппен 2 есе қымбаттағаны жайлы дерек келтіріледі.

Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Балықбаев журналистермен кездескенде маусымдық бағаның өсуін тежеу үшін нарыққа 118,6 мың тонна көлемінде көкөніс (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат) шығарылғанын мәлім еткен. Несін жасырамыз, біз азық-түліктің өзін көрші елдерден сатып аламыз. Жемістің жекелеген түрлері – шабдалы, жүзімнің 50%-ы сырттан келеді. Май, құнбағыс, сүт өнімдерінде де тапшылық бар. Шұжық өнімдерінің жергілікті

Әлихан Смайылов үкіметте «Азық-түлік корпорациясы» жұмысын қайта құру керек деп қалды. Премьердің есебіне жүгінсек, қазір елде жалпы сыйымдылығы 2 млн тоннаға жуық көкөніс пен жеміс сақтайтын 1200-ден астам нысан бар», – деген дерек келтіреді. Сол тұста үкімет басшысы: «Әйтсе де бұл – жеткіліксіз. Олардың көбі әбден ескірген, тозған. Жаңа көкөніс қоймалары қажет. Фермерлер бірінші мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесіне шағым айтуда», – делі.

Экономика ғылымының докторы, профессор Ғалижан Мәдиев «Жас алашқа» берген пікірінде қоймалардың жетіспеушілігінен өндіріс өнімінің 40-45 пайызы тұтынушыға жетпей, шіріп қалатынын айтады. Ол үкіметтегі әрбір бастамада ғылыми негіз болмағанын



соңында үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен кеңес өтіп, елдегі әлеуметтік өнімдердің бір аптадағы баға жағдайы қаралды. Ал маусым айының басында Үкіметтің цифрлық кеңсесінде Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен республикалық штаб отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері талқыланды.

Статистика не дейді?

Қарап отырсақ, үкімет баға мәселесін күн тәртібінен түсірген емес. Бір анығы, көтерілген баға арзандамады. Сөзіміз дәйекті шығуы үшін нақты деректерге жүгінейік.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, кейінгі бір жылдың өзінде азық-түлік бағасы 13,5 пайызға қымбаттаған. Күріш 44,3%-ға, қырыққабат 27,5%-ға, ет 11%-ға қымбаттаған. Үкімет қанша жерден тиісті жұмыстарды

өндірісінің үлесі – 56,4%, құс еті 67,4%-ды құрайды. Басты себеп – шикізат аз, полимер қаптапалары тапшы.

«Enerprom» агенттігі көкөніс сегментіндегі тапшылық 20%-ға жетіп қалғанын айтады. Қаржы сарапшысы Бейсенбек Зиябеков «Егемен Қазақстанға» берген пікірінде үкіметтік стратегиялық құжаттарда инфляцияның себеп-салдары ашық талданбайтынын айтқан. Экономист бағаны реттемей, халықтың табыс деңгейін көтеруге мүмкіндік беру керек деген пікірді алға тартады. Себебі азық-түлік инфляциясы – біздің елде ғана емес, дүниежүзіндегі проблема.

Азық-түлікке қойма, қоймаға қарауыл қажет

Журналист Қарлығаш Зарыққанқызының «Жас алаш» газетінде жарық көрген «Қоймасы тозған Қазақстан. Мәминнен Смайыловқа дейін» атты мақаласында да біз көтерген мәселе сөз болады. Журналист: «Премьер-министр

кейін мәселелер уақытысында толыққанды шешілмейтінін де жеткізді.

– Тұрақтандыру қорлары, азық-түлік қоймалары салынсын-ақ делік, бірақ бұл арада бізде мемлекеттік бақылау мен реттеу жолға қойылмағанын ескеру керек. Технологиялық қуатымызды арттырып, дамытын уақыт әлдеқашан болды. Бірақ біз белгілі бір жобалар мен бағдарламалардың ізінен әлі еріп келеміз. Технологиялық даму да жоқ, бәсекелестік те жоқ, – дейді ғалым.

Азық-түлік қорын қалыптастыру үшін қойманың қажеті анық. Алайда оның жұмысы қалай болады? Бір ғана Қызылорда өзіне өзі шіріген картоптың тонналар коқысқа тасталғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Демек, азық-түлікке қойма, ал қоймаға ҚАРАУЫЛ керек. Қарауыл сөзіне ерекше ден қойып, барлық әрпін бас әріппен жазудағы себебіміз – қоймаға ие болатын, әрбір көкөніс пен бақша дақылын шірітпей сактай алатын, халыққа сапалы дүние ұсынатын маман дегеніміз.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

Елдің әлеуметтік жағдайын түзеуді мақсат еткен «Әлеуметтік кодексті» жүзеге асыру аясында халықты жұмыспен қамтуға ерекше назар аударуда. Бұл мақсатта Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №93 қаулысы негізінде Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Енбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылғаны белгілі. Ал қалалық жұмыспен қамту орталығы «Мансап» орталығы болып қайта құрылып, енбек мобильділігі орталығының филиалы ретінде жұмыс істеуде.

«МАНСАПТЫҢ» мақсаты қандай?



Қызылорда қалалық «Мансап» жұмыс орындары, алғашқы жұмыс орталығы филиалының қызметі – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын жүзеге асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және атаулы әлеуметтік көмек көрсету.

«Бұл қызметтерді «Мансап» орталығына жүгініп, кезек күтпей, онлайн алуға болады. Ол үшін ғаламторға қосулы компьютер мен жеке электронды цифрлы колтанба болса жеткілікті», – дейді орталық мамандары.

Қызметтер электронды үкімет (egov.kz) және электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) веб порталдары арқылы қолжетімді.

Сонымен қатар міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының салымшысы болып саналатын, жұмыссыз мәртебесі бар азамат жұмысынан айырылуына байланысты тағайындалатын әлеуметтік төлемге өз өтінімін қалдыруына және жұмыспен қамтудың белсенді шараларын таңдауға мүмкіндігі бар.

Жұмыс берушілер электронды еңбек биржасы арқылы «Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдардың жалқысын субсидиялау» аясында мемлекет тарапынан қаржыландырылатын уақытша жұмыс орындарына (жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық

жұмыс орындары, алғашқы жұмыс орны, ұрпақтар сабақтастығы, күміс жас) өтінімдер электронды түрде жүзеге асуда.

Жыл басынан бері қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндігін 11963-тен астам адам пайдаланып үлгерген, оның ішінде 6881 азамат жұмыссыз мәртебесін алса, 2242 азамат тұрақты жұмыс орындарына орналасты, 7940 азамат жұмыспен қамтудың белсенді шараларына жолданды, 3178 жұмыссыз адам жұмысынан айырылған жағдайда тағайындалатын әлеуметтік көмек алған.

2023 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап электронды еңбек биржасы порталында онлайн бос жұмыс орындары жәрменкесін өткізу үшін Tanda.enbek.kz порталы іске қосылып, бос жұмыс орындары онлайн жәрменкесін «Мансап» орталығы ұйымдастырады.

Жәрменкеде жұмыс берушілер онлайн-презентация өткізіп, өз компаниялары, жұмыс шарттары, бос жұмыс орындары, жұмысқа орналасу ерекшеліктері туралы толық мәлімет береді. Жұмыс іздеушілер түйіндемелерін жолдай алады, сондай-ақ жұмыс берушілермен қысқа онлайн-сұхбат жүргізуге мүмкіндік жасалған. Ең бастысы, жұмыс іздеушілердің есік қағып, шаршамай, үйінде отырып жұмыс табуына болады.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



КӘСІП ЕЛ ДӘУЛЕТІН ЕСЕЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінде мемлекеттің қолдауының арқасында Қызылорда қаласында кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып, көрсеткіштердің оң нәтижесі қалыптасқан.

Биыл шағын және орта кәсіпкерлікті даму динамикасын саралап көрсек, кәсіптің жылдан-жылға қарқын алып жатқанын байқаймыз.

Айта кетейік, жалпы қала халқының 10,6%-ы немесе 37 426-сы шағын және орта кәсіпкерлікте тіркелген. Ал облыс бойынша кәсіпкерлікте тіркелген нысандар санының 48,2% пайызы, яғни жартысына жуығы Қызылорда қаласының үлесінде.

Тіркелген кәсіпкер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,9%-ға (8568 бірлік), ал жыл басымен салыстырғанда 5,4%-ға (2015 бірлік) ұлғайған.

Жалпы кәсіпкерліктің қалада 92,1%-ы немесе 34473 бірлігі жұмыс істеуде. Белсенділердің өсімі өткен жылмен салыстырғанда 26%-ды (8929 бірлік) құраса, жыл басынан бері 6,2%-ды (2104 бірлік) құрады. Шағын кәсіпкерлік саласында қала бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысаны саны өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен

өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы ЖШС арқылы өз қаражаты есебінен жалпы құны 621,5 млн теңгені құрайтын 71 жобаға қаржы берілген. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Жастарға арналған несие» (2,5%) бойынша жалпы құны 128,8 млн теңгені құрайтын 29 жоба қолдау тауып, 45 жобаның құны 790,5 млн теңгені құраған.

Мұнда 17 адам еңбек етеді. Барлығы да – жергілікті тұрғындар. Отандық өнімнің әлеуетін арттырғысы келетін кәсіп иелерінің басты мақсаты – сырттан келетін тауарды ығыстырып, өнімнің қолданыс аясын кеңейту.

Шағын зауыттағы тіршілік қарбаласқа толы. Күрші қабы дайын болғанға дейін бірнеше сатыдан өтеді. Өуелі пропилен

досының ақылымен ағаш өңдеу жабдығын сатып алып, жиһаз өндірісін қолға алады. Беларусь, Италиядағы компанияларда жұмыс істеген, осы салада білімі мен тәжірибесі мол досы өз тәжірибесін бөлісіп, ағаштан түйдің қырсырын үйретті. Осылайша, 2020 жылы кәсіпкер «Ади Мебель» деген атаумен жеке кәсіпкерлік нысанын тіркеді.

Оның тұтынушылары күннен-күнге көбейіп, өніміне де сұраныс артты. Қазір компания тапсырыс бойынша кез келген күрделі жиһазды жасайды. Бағасы жиһаз түріне, дизайнына, дайындау күрделілігіне және мерзіміне байланысты.

2022 жылы өз кәсібін кеңейтіп, тапсырысты арттыру мақсатында Максат Таев «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында ForteBank-тен төмен пайызбен несие алып, қаражат жиһаз цехына арналған қойма және жиһаз жасау мерзімін қысқарту үшін арнайы жабдықты сатып алды. Бұл тапсырысты тезірек орындауға мүмкіндік берді.

– Қазір жиһаз индустриясы қарқынды дамып келеді. Сондықтан дизайнды үнемі соңғы үлгіде жаңартып, сапалы материалдар қолдануға тырысамыз. Яғни заман көшінен қалмай әрекет етудеміз, – дейді кәсіпкер.

Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бауыржан



22,9%-ға артқан.

Өңірімізде мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы бойынша көрсеткішке көз жүгіртсек, мемлекет тарапынан жыл басынан бері қала бойынша 15,4 млрд теңгені құрайтын 853 жоба қаржылай қолдау алып, шамамен 1253 жұмыс орны ашылған.

«Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында субсидиялау бағыты бойынша құны 8,2 млрд теңгені құрайтын 275 жоба қаржыландырылған.

Аталған жоба аясында грант беру бағыты бойынша құны 262,1 млн теңгені құрайтын 190 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда»

Сонымен қатар «Шағын және орта бизнес кредиттері бойынша ішінара кепілдендіру» арқылы 243 жоба қолдау тапқан. Ал бөлшек сауда көлемі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 100,3%-ға жеткен. Биылдың өзінде қалада шағын өнеркәсіп саласында 706 жаңа жұмыс орны ашылған.

Мәселен, қалада кәсіптің көзін тауып, халық тұтынатын тауар дайындап жатқан қап зауыты бар. Кәсіп иесі Ербол Қожанбаев өз ісіне шынайы берілген азамат цехты кеңейту жұмысының қалай жүріп жатқандығын, шикізаттың қайдан алынып, өнімнің қайда сатылатындығынан хабарлар етті. Қалдықыс өнім өндіретін өндіріс ошағы айына 800 мың қап тоқиды.

түйіршіктері арнайы қондырғыда ұсақталып, 250 градусқа дейін қыздырылады. Одан күнделікті тұрмыста қолданылып жүргендей кәдімгі пленка шығады. Жінішке, тілініп, тоқуға икемделеді. Содан кейін ол пленка иіріліп, жіпке айналады. Жіпті станокқа қояды. Бірнеше жіп тоқылып, жиектеме тігіліп, қап болып шығады.

Қызылордалық кәсіпкер Максат Таев жас кезінен ағаш ою, қазақтың ұлттық музыкалық аспабы – домбыра мен басқа да интерьер бұйымдарын жасауға құмар болыпты. Кейіннен ағаш кесуге арналған заманауи кәсіби жабдықты сатып алып, осы бағытта өз бизнесін дамытпақ та болды.

Алайда жинаған қаражатына

Арынның айтуынша, қала көлемінде тиісті мекемелермен бірлесіп кәсіпкерлік нысандарды аралап, санитарлық тазалықты сақтау, белгіленбеген орындарда сауда жасаудың алдын алу және тағы басқа да жұмыс бойынша түсіндірме жұмысын ұйымдастырып отырады. Қалада кәсіпкерлікті дамыту мақсатында тұрғындарға, оның ішінде жастарға мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Соңғы жылдары қалада кәсіпкерлік саласы өркен жаюда. Кәсіптің дамуы әлеуметтің әлеуеті артып, жұмыссыздықтың азаюына мүмкіндік береді.

Гаяр ҚОЖАХМЕТОВА

Ел экономикасының күретамыры саналатын қаржы жүйесінің орны бөлек. Шаһардың тайқазанын толтырып отыратын салықтан түскен қаржы ел игілігіне жұмсалып жатқаны белгілі. Осы орайда, 14-тамыз мемлекеттік кірістер саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердауси Қожабергеновке бірнеше сауал жолдаған едік...



Фердауси Қожабергенов, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы:

«Біздің ұстанымымыз — салықты сапалы әрі мәдениетті басқару»

– Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндетіне тоқталып өтесіңіз...

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы №933 қаулысымен ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Кедендік бақылау комитеттерін біріктіру жолымен ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті болып қайта ұйымдастырылды. Бір мезгілде, ҚР Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы №833 санды Жарлығымен ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігін тарату жолымен, экономикалық және қаржы саласындағы қылмыстарды тергеу бойынша міндеттер Мемлекеттік кірістер комитетіне берілді.

Біріктірудің негізгі мақсат – шағын және орта бизнестің іскерлік белсенділіктерін қолдау бойынша, салық төлеушілер мен сыртқы экономикалық қызметтерге қатысушылар үшін қолайлы жағдай жасау. Реформалаудың мақсаты – мемлекеттік аппаратты кезекті оңтайландыру емес, бизнестегі әкімшілік жүктемелерді азайту мен азаматтардың мемлекетке сенімділігін нығайту.

Ел экономикасын дамыту туралы сөз қозғағанда оның күретамыры – қаржы жүйесін айналып өту мүмкін емес. Себебі қаржыгерлердің қатысуынсыз бірде-бір саланың толыққанды қызметін көзге елестете алмаймыз. Қаржы саласы – аса үлкен жауапкершілікпен қарауды талап ететін маңызды сала. Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндеттерінің бірі бюджетке түсім қамтамасыз ету.

– Биылғы жартыжылдықтағы көрсеткіш қандай?

– Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің түсімі 45 млрд 488 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда түсім 8 млрд 246 млн теңгеге артты.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша барлығы 39376 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 31499 дара кәсіпкер 7877 заңды тұлға.

Бүгінгі күнге Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында барлығы 39 376 салық төлеушілер тіркеліп, есепті кезең бойынша 156496 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Сондай-ақ халық қазынасы – салық түсімдерінің толықтығын қамтамасыз ету, жергілікті халықтың салық мәдениетін көтеру, өңірдің инновациялық-индустриялық даму стратегиясын және шағын кәсіпкерлікті дамыту қарқынын негізге алып, салық салу базасын кеңейту мақсатында жұмыла жұмыс жүргізіп, халыққа қызмет етумен қатар, мәдени-қоғамдық өмірде де қызметкерлер республикамызда белсенді ұжымдардың қатарынан көрініп келеді.

– Жұмыстың сапалы орындалуы білікті маманға байланысты. Қай салада да мамандарың білім-білігін арттыру, көтермелеу маңызды. Бұл мақсатта қандай жұмыстар атқарылуда?

– Айталық, биыл үздік аумақтық департаменттер мен басқармалар ара-

сында 2022 жылдың қорытындысы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені және мемлекеттік бюджетке салықтардың түсуін қамтамасыз еткені үшін, сондай-ақ салықтық әкімшілендіруді сапалы жүргізгені үшін «Берешекпен жұмыс жасау» номинациясы бойынша басқарманың Өндіріп алу бөлімі І-орынды иеленсе, «Заңды сүйемелдеу» номинациясы бойынша «Заң» бөлімі II-орын иеленді.

Мерекке қарсаңында ереже талабына сай келген мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін көтермелеу мақсатында, басқарма көрсеткіштерінің шеңбері аясында Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының өндіріп алу бөлімінің бас маманы Есполова Айгүл Төреханқызы, заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімінің бас маманы Мұстафаев Дархан Болатұлы «Токсанның үздік қызметкерлері» болып танылды.

Салық базасын ұлғайту, қосымша кіріс көздерін іздестіру мақсатында салықтық әкімшілендіру, әлеуметтік аударымдар бойынша жұмыстарды қарқынды жүргізе отырып, ел қазынасын толтыруда елеулі жұмыс атқарылды.

Осының нәтижесінде, басқарманың тағдыр және есеп бөлімінің басшысы Айдарова Мадина Арыстанғалиқызы, жеке тұлғалармен жұмыс бөлімінің басшысы Оралбаев Абзал Қалмағанбетұлы «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» төсбелгісімен, өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру бөлімінің бас маманы Тастаев Мұхтар Тынысұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Құрмет грамотасымен, тағдыр және есеп бөлімінің бас маманы Қошербай Айнур Қошербайқызы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мемлекет басшысының бастамаларымен елімізде жүргізіліп жатқан жүйелі реформаларда кірістер органдарының қызметі аз емес. Басқармада тәжірибелі, білікті де білімді, кәсіби мамандар еңбек етеді.

Жалпы біздің міндет – бюджеттің кіріс бөлігін және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Салық салу және оны өндіру жүйесін ұдайы жетілдіріп отыру – салық төлеушіге қолайлы жағдай жасаумен тығыз байланысты. Біздің ұстанымымыз – салықты сапалы әрі мәдениетті басқару. Салықтық бақылауды заңнамалық тұрғысынан жетілдіру – істің жартысы. Заң талабының сапалы орындалуына әр сағат сайын, әр күн сайын қол жеткізу – күнделікті жұмысымыздың, ізденістеріміздің, жанашыл әдіс-тәсілдеріміздің нәтижесі бола бермек.

Сөз соңында, мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін 14-тамыз – Мемлекеттік кірістер органдарының құрылған күні төл мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге бірлік пен талағай табыс тілеймін!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Г.МАҒАҰМҚЫЗЫ



ҰРПАҚҚА – МҰРАҒАТ, ШАҢЫРАҚҚА – ҰЛАҒАТ

Отасы Аманжол Байманов жұбайы Қымбат Күлекенова да ұстаздықтың ұлы жолын мұрат тұтыпты. Бүгінде сексеннің сегізінше бейнесіне келген. Еңбек жолын «Бірінші май» колхозының жастар бригадасында механизатор болудан бастаған. 1970 жылы Қызылорда педагогикалық институтын химия-биология мамандығы бойынша бітіріп, 1970-1975 жылдары №176 мектепте директорын орынбасары, 1975-1977 жылдары аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, 1977-2006 жылдары №176 мектептің директоры қызметін абыроймен атқарған. 1989-1992 жылдары Сырдария аудандық советінің, 1999-2003 жылдары Қызылорда қалалық мәслихатына депутат болып сайланған. Бұл күнде құрметті еңбек демалысындағы зейінкер.

Ардагер ұстаз шығармашылықпен де айналысады. Оның әр жылдары жарыққа шыққан «Білімнің шашқан шуағын, елуге келген ұжымым», «Өртенде өскен өркенбіз» кітаптары бар.

Қарт ұстаз өзінің өмірі жайлы төбегенде, жүрек толқиды. – Менің Мысыр шаһарым – сұлу Сыр өңірі. Туған жерім – атағы алысқа кеткен Сұлутөбе аймағы. Бұл өңірден кім шықпаған? Батыр да, ғалым да, жазушы да шыққан. Кешегі кеңес үкіметі кезінде елім деп еміреніп, тәуелсіздік жасында жанын шүберекке түйген қозғалыс біртұрақ ұлы Мұстафа Шоқай дүниеге келген жер.

Кешегі өткен академик Шахмардан Есенов, ғалымдар Алма Қыраубаева, Мырзабек Дүйсенов, Социалистік Еңбек Ері Айша Меңлібаева, жазушы Сұлтанәлі Балғабаев – менің

жерлестерім. Туған жерімнің топырағы құнарлы екенін осыдан біле беріңіз. Отбасы құндылығын дәріптесем, менің әкем соғыстың алғашқы жылдарында ауылда егіс бригадирі болған. 1943 жылдың басында майданға аттанған. Мен әкем соғысқа аттанған 1943 жылдың ақпан айында дүниеге келіпін. Сол кездегі «Бірінші май» колхозының шаруасын ілгері сүйреген еті тірі аналар болды. Соның бірі – менің анам, звено жетекшісі Зейне Бейсенбаева. Анамыз Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Мәскеудегі бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне қатысқан. Соғыс жылдары дүниеге келіп, әкенің аялы алақанының жылуын сезбей өскен шерменде көңіл шерлі ұрпақтың бірі менмін. Ол кезде мен секілді әкесін көрмей өскен шерменде ұрпақ өкілдері біреу-екеу емес, жүздеп, мыңдап саналатын. Соғыс бізді асқар тау әкемізден айырды. Шешемізді жесір қалдырып, жылатты. Анамыз қиын қыстау кезде отбасының ауырталығын нардай көтеріп, бізді бақты, қакты, адам етті, ат арқасына мінгізді, – дейді ұлағатты өмір иесі.

Ұстаздың еткен еңбегі, ұрпақ тәрбиелеуде төккен тері оның мәртебесі мен мерейін көтеріп, 2001 жылы «Жылдың үздік мектеп директоры» болып танылып, тәжірибесі білім ордаларына таратылды. Қарт ұстаз әр жылдары «Тәуелсіздікке – 10 жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» медалімен, Құрмет грамотасы, диплом, алғыс хатпен марапатталған. Әр іске сын көзбен қарап, нәтижесін талап ететін, білікті де іскер басын Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, жоғары санатты

ұстаз. 40 жыл ұстаздық жолында мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, білім беруде аянбаған ардагер ұстаз биыл сексеннің сегізінше бейнесіне келген. Жұбайы Қымбат Күлекенова 1947 жылы дүниеге келіп, 2021 жылы дүниеден өткен.

«Әкенің берген тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды» деген канатты сөз бар. Ұрпақтарын адалдық пен шыншылдыққа баулыған зиялы жанның үлкен қызы – Гүлнар Байманова №178 орта мектептің директоры. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр. Астана қаласында тұрады. Үлкен ұлы – Алмас Байманов №176 мектепте математика пәнінің мұғалімі. Қара шаңырақ егесі. Отбасылы 4 бала, 1 немере тәрбиелеп отыр. Одан кейінгі ұлы – Абзал Байманов Алматы қаласының бас ескери прокуратурасында басқарма бастығы, әділет полковнигі. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр. Ең кіші ұлы Болат Байманов – «Өнтүстік мұнай газ» ЖШС қызметкері. Шымкент қаласында тұрады. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр. Балаларының барлығы өз қызметін адал атқарып келеді. Білікті де білімді, іскер мамандар. Немерелері – оқу озаттары. «Ұрпағыммен мың жаса» деген батаның дарығаны болар, Аманжол ағадан өрбіген ұрпақтары асқар тау әкесі мен асыл анасының атына кір келтірмей, әулеттің ұстанған абыройлы жолын жалғастырып келеді. Өз өмірінің шұғылалы сәттерін ұрпақ тәрбиесі мен отбасы бақытына арнаған аулы әке Аманжол Баймановтың өмір жолы ұрпаққа – мұрағат, шаңыраққа – ұлағат болып келеді.

Гаяһар
КОЖАХМЕТОВА

ЖЫЛАН ЖҰТҚАН ҚАЗАҚ

Естімеген елде көп. Өткенде ауыл ақсақалдары бас қосқанда маған «Әй, жүгермек, көкең жайлы көп білмейді екенсің. Жазғыш болсаң алдымен содан баста» – деп, көкейге түйген санадағы саналы ойларын, естерінде қалған санаулы оқиғаларын кезек-кезек айта бастады. Бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, оқиға артынан оқиға туып жатты. Арқа-жарқа болып күліп, жастық шақтарын да еске алысты. Қайта келмес жастық шақтарын тебірене толғады.

Сол ақсақалдар айтқан көкем, әкемінің үлкен ағасы Токтан Ақылбеков болатын. Менің бала күнімде өмірден өткен. Әйтсе де, еміс-еміс болса да жанарымда жарқын бейнесі сақталған. Алып тұлғалы, ірі денелі, ұзын бойлы кісі болатын. Үнемі бестік атпен жүретін. Әкемінің айтуынша анау-мынау аттар көтере алмайтын көрінеді. Алып денелі, балауан тұлғалы көкеміз көзінің тірісінде иығы жерге тимеген балауан, қасқырды қолмен алып, жерге атып ұратын, кенсірігін танауымен қоса жұлып алатын ашы болған екен. Бірде Жаңақорған мен Шиелі арасында көкпар болып, Шиелі жағы ұтылып жатқан көрінеді. Әбден зығырданы қайнаған Токтан көкеміз көкпарды алып бара жатқан жаңақорғандық шабандозды атымен бірге көтеріп алып, ауылға қарай тұра шапқан екен. Бүгінгілер жердегі көкпардың өзін әрең көтереді. Ал атты, көкпаршыны тақымға басқан көкпарымен қоса көтеріп алып кеткенін көрген жаңақорғандық шабандоздар жеңілісін амалсыз мойындаған екен.

Қанша тойда, көптеген жиында ешкімге дес бермейтін асауларды, көпшілік үшін соғға арнап семірткен жылқыларды бір ұрып сұлатып, оп-онай жығып отырған. Көкеміздің мұндай әрекеттері елге аңыз болып кеткен. Сол аңызға айналған оқиғаның бірі – жылан жұту хикаясы болатын. Ойдан шығарып отырғаным жоқ. Әлі күнге дейін Ақмая ауылындағы үлкендер жағы әңгіме етіп, аңыз етіп айтады. Токтан көкеміз ауыл сыртында достарымен бірге серуендеп жүрсе керек. Содан неге екені белгісіз екі-үш жолдасы орындарынан секіріп-секіріп жан-жаққа бытырай қаша жөнеледі. Олардың мұнысына танырған басқалары «не болды?» деп жетіп келсе, ирелеңдеген жылан басын көтеріп, жақындаған жанға атылып тұр екен. Тимей-ақ қояйын десе, бар азық жыланның астындағы қапта қалған. Жыланға жақындай алмай амалы таусылған достарына құмары қанғанша күлген көкем жыланды тірідей тұтатын айтып, достарын қыран-топан күлкіге бөлейді. Ақыры жыланды өлтірмей, тірідей жұтса, көкемінің үйдегі мал қорасын бір апта бойы достары тазалайтын болып немесе көкем олардың мал қорасын тазалайтын болып бәстеседі. Жұрттың бәрине дес бермей атылып тұрған жыланды шап беріп ұстап алып, сүйектен ет бөлгендей тістерімен қыршып бөліп, басын жұтып жіберген екен. Содан бері оны ауылда «Жылан жұтқан қазақ» атандырыпты.

ААҚЫЛБЕК

Соңғы кезде интернет алаяқтары көбейіп кетті. Әсіресе соңғы 4-5 жылдағы деректер сүйенсек, жаға ұстатарлықтай оқиғалар аз емес. Статистиканы сөйлесек, COVID-19 пандемиясынан кейін интернет алаяқтық деректері 80 пайызға артқан. Бүгінгі таңда интернет алаяқтық қылмыстары өзекті. Қолында смартфон, планшеті бар кез келген адам ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбаны болуы мүмкін. Ашығын айтқанда, ешкім қорғалмаған. Тіпті әлемдік деңгейдегі банктердің өзі хакерлердің арбауына түсіп жатыр.

ИНТЕРНЕТ: АЛАЯҚ ТА ОСЫНДА, ПАЙДА ДА ОСЫНДА

«Қоғамдық қауіпсіздікті азаматтық қоғаммен серіктестікте қамтамасыз ету» тұжырымдамасы аясында Астанадағы мәселелер картасын таныстырған Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов интернет арқылы жасалған алаяқтық жайлы статистиканы жариялады.



– Соңғы 5 жылда интернет алаяқтық қылмыстарының саны 10 есе өсті. Биыл 7800-ден астам интернет-алаықтық қылмысы тіркелді. Соның ішінде әр бесінші қылмыс елордада жасалған. Бұл біздің қала тұрғындарының онлайн сервистер мен банк қызметтерін белсенді пайдалануына байланысты. Алаяқтар шетелден қоңырау шалып, ауыспалы абоненттік нөмірлерді пайдаланады. Сондықтан байланыс операторлары арқылы техникалық тосқауыл қойылды. Ауыстырылған нөмірлерден 17 миллион қоңырау бұғатталды», – деді Марат Ахметжанов.

Infom.kz ақпарат агенттігінің мәліметіне сүйенсек киберқылмыскерлер мен интернет-алаықтар жаңа схемаларды әзірлеуді жалғастыруда және қарапайым

тұрғындарды алдаудың түрлі жолдарын табуда. Осыған байланысты ПМ бұл қылмысқа қарсы тұруға ерекше назар аударуда. Полиция цифрлық технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы күресте, мемлекеттік органдармен өзара байланыс жасағанды және халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыруда

ланушылардың парақшаларына күн сайын мониторинг жүргізіледі. Бұл тәсіл интернеттегі алаяқтарды анықтауға көп көмегін тигізеді. Осындай алдын алу іс-шараларының арқасында полиция қызметкерлері «қаржы пирамидасын» насихаттайтын топтардың заңсыз әрекетін әшкерелеген.

Egemen.kz-ке шыққан материалда ПМ өкілі интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың басым бөлігі қарызға ақша беру арқылы жүзеге асытынын айтқан. Нақты түрлерін атасақ, төменгі пайызбен несие беру, қызмет көрсету, жылжымайтын мүлікті сату тағы сол сияқты алаяқтық түрлері екен.

Тәртіп сақшылары бейтаныс адамдарға банк карталарының деректері мен адамның жеке басын куәландыратын мәліметтерді бермеуге, интернет арқылы қандай да зат алмай тұрып, алдын ала төлем жасамауға кеңес береді. Интернет-алаықтық әсіресе, www.kolesa.kz, www.olx.kz тәрізді сайттар мен «QIWI әмиян» («QIWI кошелек») есеп айыру жүйесіне қатысты тіркелді.

Ал енді интернеттегі пайда туралы айтайық. Бүгінде миллиондаған адам интернет арқылы жақсы табыс тауып, тіпті соны негізгі кәсібі етіп алғаны белгілі. Бұл кәсіпкерлер үйінде, компьютердің алдында отырып ақша тауып жатыр. Ақша табудың сенімді түрі – өз тауарларыңыз туралы ақпарат шығару. Ақпарат ең өтімді және пайдалы тауар болып саналады. Сондықтан интернет арқылы ақша табуымыз десеніз, ақпарат тауарын жасауға мамандану керек. Сонымен қатар трендтегі мамандықтарды үйреніп, үздіксіз дамып отыру да өте маңызды.

Интернет арқылы табыс табу қазір екінің бірінің қолынан келетін іс, бірақ үлкен жауапкершілік пен еңбекті талап етеді.

Интернеттің жаманынан жиіреніп, жақсысын үйренейік.

М.МӘКЕН

Бұрын үлкен кісілер нанның қиқымы жерде жатса кепіретін ұратынын ардаймын айтып отыратын. Сол тәртіпке үйренген біздер асты қалдырып, тамақты рәсуә қылудан барынша сақтанамыз. Нанның қиқымын жерге тастамай, мал асырайтын үйге береміз. Мал баққан үй алғысын жаудырып, алып қалады. Қазір

жерге жұмыс істеуге шекесі шылықандар бармайды. Тапқаны талғажауға жарамайтын көпбалалылар, тұрмысы төмен жандар барды емес пе? Өз қазағының сондай қиналысын сезіп жүріп, адал асты қосықса тастау адамгершілікке жата ма? Сөйтіп отырып тамақ қымбаттады деп айтуға

камера орнатып қойған. Тіпті, бір түйір жеміс алуға рұқсат жоқ. «Сонда соншама тамақты не істейді, оны жеп тауыса алмайды, ал ертесіне бәрібір бұзылып кетеді ғой?» – деймін. «Жоқ, қалған тамақты түгел тарызға тартып, шошқа бағатын біреуге сатады, – дейді. Өздері болмашы ақшаға жұмыс істейтін әйелдер алса

бір отбасының апталық тамағы тұрады. Сол үшін ешкім именіп, қысылмайтын да секілді. Біз аштық көрмеген ұрпақ болған соң солай ма екен? Дін өкілдері «сырап болмасын» деп ескерткенмен, оны орындайтындар аз. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп ұлы Абайдан жеткен ұлағат

болатыны анық. Жұт заманда аштан өлгелі жатқан атамыз «Біздер жақсы уақытта өмір сүріп жатырмыз. Ұрпағымызға қиын болады» деген екен. «Ол не дегеніңіз? Аштан олу қалай жақсы болады?» деп төңірегіндегілер танырқай сұрағанда, ол «біздер аштықпен сыналғып жатырмыз, ұрпағымызға сынақ тоқтықпен келеді. Аштық иманнан айырмайды, керісінше Құдайға жақындайды. Ал тоқтық иманнан айырып, Құдайды ұмыттырады. Сол заман қиын» деген екен.

Шынында, қазір тоқтық адамды иманнан алыстатып барады. Кейде заман қиын емес, тоғышарлықтың кепіреті пендені жазалап жатыр ма деп ойланасын. Ысырап ризығыңды кемітетіні, құдайшылықтан алыстатып, тәубе мен шүкірден жұрдай қылып, күпірге итермелейтін түсінік жатамыз. Өттен, оның өкініші жүректі сыздатығын қайтерсің? Ешкімге опа бермес жалған дүние-ай. Бір кем өмір-ай, десенші.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

«Ұрпағымызға сынақ тоқтықпен келеді»

асылық қылмасын, үлкен мейрамхана мен сауда орындарында жұмыс істейтін замандастарымыз мерзімі өткен көп тағамды далаға тастап жатады екен. Жаға ұстатарлық жағдай. Обал мен сауаптың мәнін білмейтіндердің ерсі әрекетіне не дерсің? Ең болмаса сол жерден ләпақа тауып отырған ыдыс не еден жуатын айлығы шайлығына жетпей отырған жандарға берсе, сауаптың төресі сол емес пе? «Қызғанғанын қызыл итке жем болды» деген осы болар. Сол

ұялмайды сол байшықештер. Тағамды рәсуә еткендігің кесірін кейінгі ұрпақ көріп отыр. Әйтпесе ешқашан таршылық көрмеген, ризық-несібіміз мол халық едік.

Мен мейрамханада ыдыс жуатын жақын туысымнан мұны естіп қайран қалдым. Құстың сүтінен өзгенің бәрі бар дастарханда кейбір тамақ түртілмеген күйі қалады екен. Бірақ мейрамхана иесі сонда жұмыс істейтіндерге түк татырмайды. Әрқайсысының тұсына

да болар еді. Бірақ, одан гөрі шошқа жегені артық болып тұр ғой...

Мейрамханаға тойға, асқа барамыз. Дастарханда тәрелке қоятын орын болмайды. Иман туралы әңгіме айтылып, ысырапқа жол берілмеуі тиіс ауызашар дастарханының көбі жайнап тұрғанмен тамақ желінбей, сол күйі қалады. Онсыз да қарны тоқ жұрт барғанмен, түрткі-түрткі жейді, қалғаны қала береді. Кейде шағын жайылған бір үстелдің өзінде

кейбір ұрпаққа дарымай отыр. «Әр асқанға – бір тосқан» деп, бабаларымыз қалай шебер айтқан. Ысырап қылуды көріп өскен кейінгі ұрпақ та ештеңенің қадірін білмейтін аста-төк болса, оған танғалуға болмайды. Себебі олар барды да, жоқтың да қадірін білмейтін әдетті айналалан көріп, жаманын бойға сіңіре берді. Ертен обал-сауапқа көз жұма қарайтындар қатары көбейсе, оған еш өкпедеміз. Соған бүгіннен жол берсек, болашағымыз бұлыңғыр

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектелгендігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлері есікке келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлама беріледі.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3100 Тапсырыс №1272
Мөмірдің кезекші редакторы Гауһар КОЖАХМЕТОВА